

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Лаос Халық Демократиялық Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 22 қарашадағы № 989 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2024 жылғы 4 шілдеде Вьентьянде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Лаос Халық Демократиялық Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Ескерту. Нормативтік құқықтық
актіге қоса тіркелген
халықаралық Келісімнің мәтіні
ресми болып табылмайды.
ҚР халықаралық
Келісімінің жасасқан тілдердегі
ресми куәландырылған
көшірмесін ҚР халықаралық
Келісімдерін тіркеуге, есептеуге
және сақтауға жауапты ҚР
Сыртқы істер министрлігінен
алуға болады
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 22 қарашадағы
№ 989 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Лаос Халық Демократиялық Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Лаос Халық Демократиялық Республикасының Үкіметі

екіжақты қарым-қатынасты жандандыруды қалай отырып;

қазіргі достық қарым-қатынасты нығайтуға деген мүдделілікті ескере отырып және Тараптар мемлекеттерінің азаматтары – жарамды дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттар иелерінің Тараптар мемлекеттерінің аумағына сапарларын жеңілдету мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтары – жарамды дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелері Лаос Халық Демократиялық Республикасының аумағына кірген күнінен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күндік кезең ішінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге келу, болу, кету немесе транзитпен өту үшін визалық талаптардан босатылады, бұл ретте олар Лаос Халық Демократиялық Республикасының аумағында кез келген еңбек қызметімен, кез келген кәсіпкерлік қызметпен немесе ақы төленетін өзге қызметпен айналыспауы шарт.

2. Лаос Халық Демократиялық Республикасының азаматтары –жарамды дипломатиялық және ресми паспорттардың иелері Қазақстан Республикасының аумағына кірген күнінен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күндік кезең ішінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге келу, болу, кету немесе транзитпен өту үшін визалық талаптардан босатылады, бұл ретте олар Қазақстан Республикасының аумағында кез келген еңбек қызметімен, кез келген кәсіпкерлік қызметпен немесе ақы төленетін өзге қызметпен айналыспауы шарт.

2-бап

1. Осы Келісімнің 1-бабында аталған, Тараптардың кез келгенінің мемлекетінің дипломатиялық өкілдіктерде, консулдық мекемелерде немесе екінші Тарап мемлекеттерінің аумағында аккредиттелген халықаралық ұйымдар жанындағы өз елінің тұрақты өкілдіктерінде тағайындалған азаматтары өздері аккредиттелген кезеңге екінші Тарап мемлекеттерінің аумағына келу, онда болу, одан транзитпен өту және кету үшін визалық талаптардан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген құқықтар осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғалардың отбасы мүшелеріне қолданылады, бұл ретте олардың дипломатиялық, қызметтік/ресми паспорттардың иелері болуы және олармен бірге тұруы шарт.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген азаматтары халықаралық жолаушылар қатынасы үшін ашық барлық өткізу пункттері арқылы екінші Тарап мемлекетінің аумағына кіре алады, одан транзитпен өте алады және кете алады.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің жарамды дипломатиялық және қызметтік/арнайы паспорттарды иеленуші азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған уақытында 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы мен 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясында, сондай-ақ өздерінің мемлекеттері қатысушысы болып табылатын өзге де халықаралық шарттарда көрсетілген артықшылықтар мен иммунитеттерге нұқсан келтірмей, қабылдаушы мемлекеттің ұлттық заңнамасын сақтауға міндетті.

5-бап

Осы Келісім Тараптардың кез келгенінің құзыретті органдарының қошталмайды деп немесе келудің және өз мемлекеттерінің аумағында тұрудың қолданыстағы шарттарына сай келмейді деп танылған тұлғалардың келуінен бас тарту немесе болуына тыйым салу құқықтарын қозғамайды.

6-бап

1. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысын ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп немесе халық денсаулығы тұрғысынан толық немесе ішінара тоқтата алады.

2. Осы Келісімнің қолданысын толық немесе ішінара тоқтата тұруды қалайтын Тарап екінші Тарапты осы Келісімнің қолданысын осылайша тоқтата тұру туралы осындай шаралар күшіне енетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар етеді.

3. Осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұру Тараптардың кез келгенінің мемлекетінің екінші Тарап мемлекетінің аумағында жүрген, осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген азаматтарының құқықтарын қозғамайды.

4. Осы Келісімнің қолданысын тоқтатып қойған Тарап екінші Тарапты осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұрудың күшін жою туралы осындай шаралар күшіне енгенге дейін кемінде 72 (жетпіс екі) сағат бұрын дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар етеді.

7-бап

1. Тараптар осы Келісімге қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дипломатиялық арналар арқылы өздерінің жарамды дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттарының үлгілерімен алмасады.

2. Дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттар өзгертілген немесе жаңа паспорттар енгізілген жағдайда Тараптар олар күшіне енгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын дипломатиялық арналар арқылы өзгертілген немесе жаңа паспорттардың үлгілерімен алмасады.

3. Бір Тарап мемлекетінің аумағында дипломатиялық, қызметтік/ресми паспорт жоғалған немесе бүлінген жағдайда екінші Тарап мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі қабылдаушы Тарап мемлекетінің тиісті органдарын шұғыл түрде хабардар етеді, сондай-ақ өз мемлекетінің азаматына жарамды дипломатиялық, қызметтік/ресми жаңа паспортты немесе жеке басын растайтын басқа тиісті құжатты қысқа мерзімде береді.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөліктері болып табылатын және осы Келісімнің 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісімді түсіндіруге немесе орындауға байланысты туындайтын кез келген даулар Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

10-бап

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

2. Әрбір Тарап осы Келісімінің қолданысын оның қолданысы тоқтатылатын болжалды күнге дейін күнтізбелік 90 (тоқсан) күн бұрын екінші Тарапқа өзінің осындай ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жіберу жолымен кез келген уақытта тоқтата алады.

Осыны куәландыру үшін өз үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген төмендегі қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2024 жылғы 4 шілдеде Вьентьян қаласында қазақ, лаос және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндер бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады. Мәтіндер арасында алшақтықтар болған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Лаос Халық
Демократиялық Республикасының
Үкіметі үшін*